

Табиғи монополия субъектілерінің жыл сайынғы міндетті аудит жүргізуге арналған шартына қосымша талаптар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 20 ақпандағы N 44-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2216. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 6 маусымдағы N 185-НҚ бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Табиғи монополия субъектілерінің жыл сайынғы міндетті аудит жүргізуге арналған шартына қосымша талаптар туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 ақпандағы N 44-НҚ бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тіркелімінде N 2216 нөмірмен тіркелген, 2003 жылғы 17 мамырда "Ресми газетте" жарияланған) күші жойылды деп танылсын...

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 11-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН :

1. Табиғи монополия субъектілері аудиторлық ұйымдармен (аудитормен) жасалған жыл сайынғы міндетті аудит жүргізуге арналған шартта қосымшаға сәйкес талаптарды көз десін.

2. Табиғи монополия субъектілері Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне аудиторлық тексеру аяқталған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей

аудиторлық есеп ұсынсын.

3. Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты ресми бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары А.Р.Ойнаровка жүктелсін.

5. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т о р а ғ а н ы ң м і н д е т і н

атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т а б и ғ и м о н о п о л и я л а р д ы р е т т е у
ж ә н е б ә с е к е л е с т і к т і қ о р ғ а у
ж ө н і н д е г і а г е н т т і г і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 а қ п а н д а ғ ы
N 4 4 - Н Қ б ұ й р ы ғ ы н а
қ о с ы м ш а

Табиғи монополия субъектілерінің жыл сайынғы міндетті аудит жүргізуіне арналған шартқа қосымша талаптар

Табиғи монополия субъектілері міндетті жылсайынғы аудитті жүргізуге арналған шартты жасасқан кезде аудиторлық ұйымның (аудитордың) табиғи монополия субъектілерінің қызметін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне сәйкес тексеру жүргізудегі міндеттері мынадай талаптар бойынша к о з д е л с і н :

бухгалтерлік есепті ұйымдастыру Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкестігі (есептік саясаттың сәйкестігі, шығарылатын немесе көрсетілетін қызмет (тауарлар, жұмыстар) түрі бойынша б ө л і н г е н е с е п) ;

табиғи монополия субъектілерінің тарифтік саясатты сақтауы: өкілетті органмен бекітілген тарифтерді (баға, алым ставкасы), (соның ішінде жеңілдіктер , уақытша төмендетілетін коэффициенттер және басқа), есеп жүйесін пайдалану;

шығын баптары бойынша ауытқу себептері көрсетілген тарифтік сметаның о р ы н д а л у ы н т а л д а у ы ;

өндіріске арналған шығыстарды есептеу және қызметтердің (тауарлар,

жұмыстар) өзіндік құнын калькуляциялау анализі;
негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді есепке алу (қайта бағалау, өтелімді есептеу);

инвестицияны салу анализі, инвестицияны мақсатты пайдалану және тиімділігін талдау;

дебиторлық және кредиторлық берешек анализі (соның ішінде дебиторлар және кредиторлармен есептесуді түгендеу, шот бойынша операциялардың дұрыстығы);

табыстың қаржылық жағдайын талдау және табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділігі.

Агенттік бұйрығымен бекітілген (көлік және байланыс саласында) шығындарды бөлу және қызметтердің өзіндік құнын анықтау Әдістемесін дұрыс қолдану.